

## АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

**«Almaty» Телерадиокомпаниясы» АҚ <https://Almaty.tv/> сайтында 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарға Интернет аландарын ұсынудың жалпы шарттары**

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы Конституциялық заңына сәйкес, «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын тағайындау туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі №1019 Жарлығы негізінде «Almaty «Телерадиокомпаниясы» АҚ – «<https://Almaty.tv/>» сайтының меншік иесі (бұдан әрі – Сайт), 2022 жылғы 20 қарашаға тағайындалған сайлауға қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидаттарды (бұдан әрі – Кандидат) төлем мөлшері туралы, сайлау алдындағы үгіт материалдарын (бұдан әрі – үгіт материалдары) сайтқа орналастыру үшін Интернет аландарын ұсыну шарттары мен тәртібі туралы хабардар етеді.

Сайлау алдындағы үгіт Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттарды тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталады және сайлау күнінің алдындағы күннің жергілікті уақыты бойынша нөл сағатта аяқталады, осылайша, үгіт материалдарын телеарна эфирінде орналастыру 2022 жылдың 21 қазанында сағат 18.00-ден кейін жүзеге асырылады және 2022 жылдың 19 қарашаның сағат 00.00-де аяқталады.

Сайттың меншік иесі жазбаша өтініш пен Сайт иесі мен кандидат арасында не кандидаттың уәкілетті өкілімен жасалатын шарт негізінде Сайтта Интернет алаңын ұсынады. Үгіт материалдарының саны мен орналастыру кезеңі кандидаттың не оның уәкілетті өкілінің жазбаша өтінішінде көрсетіледі, содан кейін олар шартта тіркеледі.

Өтініш кандидаттардың өтініштерін тіркеу журналында кезектілік тәртібімен әрбір жазбаша өтінішке өтініштің реттік нөмірі мен келіп түскен күнін беру арқылы тіркеледі.

Жазбаша өтінішке мынадай құжаттар қоса берілуге тиіс:

- 1) кандидаттың тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесі;
  - 2) кандидат өкілінің өкілеттігін растайтын құжаттың көшірмесі;
  - 3) өтініш беруші тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі;
  - 4) үгіт материалдарының түрі, саны, хронометражы, Сайтта орналастырудың болжамды күні мен уақыты;
  - 5) үгіт материалдарының қағаз және электрондық жеткізгіштердегі мәтіні.
- Кандидаттардың үгіт материалдарын Сайтта орналастыру кезектілігі

жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен не егер өтініштер бір мезгілде келіп түскен жағдайда жеребе бойынша белгіленеді. Жеребені өткізу тәртібі мен шарттарын Сайт иесі айқындайды.

Үгіт материалдары сайт иесіне орналастыру күніне дейін 1 (бір) жұмыс күнінен кешіктірілмей ұсынылады. Үгіт материалдарында қаржыландыру көздері туралы көрнекі ақпарат және ақпарат берген тұлғаның тегі болуға тиіс.

Үгіт материалдарын ұсынған кандидаттар олардың мазмұнының Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкестігі үшін дербес жауапты болады.

Сайттың меншік иесі үгіт материалдарын орналастырудан, егер оларда республиканың конституциялық құрылысын күштеп өзгерту, тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты, қатыгездік пен зорлық-зомбылыққа табынуды қоздыру, заңдарда көзделмеген әскерилендірілген құралымдар құру идеялары болса, сондай-ақ оларда Қазақстан Республикасы Президенттігіне басқа кандидаттардың ар-намысына, қадір-қасиетіне немесе іскерлік беделіне нұқсан келтіруге қабілетті ақпарат болған жағдайда бас тартуға құқылы. Үміткер Сайт иесінің талабы бойынша жоғарыда көрсетілген сипаттағы материалдарды растайтын құжаттарды ұсынуға міндетті.

Осы ақпараттық хабарламада көрсетілген Интернет алаңдарды беру шарттары мен тәртібі Қазақстан Республикасының уәкілетті органдарының талаптарына сәйкес түзетіле алады.

Сайтта үгіт материалдарын орналастыру құны:

- 1) Дайын мақала (2000 таңбадан аспайтын, көлемі 1280x720 пиксель үш фотосуреттен аспайтын) 180 000 (жүз сексен мың) теңге, ҚҚС қоса алғанда;
- 2) Баннерлер (1 апта) ҚҚС қоса алғанда 150 000 (жүз елу мың) теңге және 1 ай – 500 000 (бес жүз мың) теңге.  
Сайттың компьютерлік нұсқасындағы баннерлердің өлшемдері: 1110x100 (өтпелі).
- 3) Ресми әлеуметтік желілерде – 1 пост үшін TikTok - 50 000 (елу мың) теңге ҚҚС қоса алғанда; Facebook, Instagram желілерінде 1 пост үшін – 40 000 (қырық мың) теңге, оның ішінде ҚҚС қоса алғанда.

Орналастырылған материалдар мобильді нұсқаның Desktop-версиясында қол жетімді болады. Сайтта үгіт материалдарын орналастырғаны үшін жасалған шарт бойынша төлемді шот берілген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күн ішінде, Сайт иесі берген төлем шоты негізінде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидаттардың үгіт материалдарын сайтта орналастыруға арналған жазбаша өтініштер Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидаттарынан 2022 жылдың 21 қазанында сағат 18.00-ден кейін жүзеге асырылады және 2022 жылдың

19 қарашаның сағат 00.00-ге дейін демалыс және мереке күндерінен басқа мерзімде қабылданады. Өтініштер күн сайын, жұмыс күндері, сағат 10.00-ден 17.00-ге дейін Алматы қаласы, Ғабдуллин көшесі, 88а үй, 211 кабинеті мекенжайы бойынша қабылданады.

Факсимильді және интернет байланысы арқылы жазбаша өтініштер қабылданбайды.

Барлық материалдар «Үгіт материалы» белгісімен бірге жүреді.

**«Almaty» Телерадиокомпаниясы»  
АҚ-ның Бас директоры**



**Т.Базарбаев**